



По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»



Бүгінгі күнде Қазақстанның қай жерінен
болсада, қандай да бір себептерге байланысты
теріс пиғылды діндердің ықпалына түскен
туған-туыстар және жақын адамдар қоңырау
соға алатын тегін нөмір



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

 СЕКТА
www.stop-sekta.kz



Тыңдаңыздар,
«Ата Жолы!»



«АТА – ЖОЛЫ» (АҚ ЖОЛ, ОРДА, АҚ АНА) - бұл аса қауіпті әсіре діни (мілдік емес), жалған емшілік ұйым.

Алматы қ. мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 05.02.2009 ж. «Ата Жолы» ЖШС-ін тарату, қызметіне тыйым салу, соның ішінде БАҚ арқылы бұл қозғалыстың қызметін насихаттауға және таратуға тыйым салу туралы шешім шығарды.

Сот шешімдері үшін дәрігерлердің азаматтардың денсаулығына теріс әсері туралы қорытындылары негіздеме болды.

О«Ата жолы» ұйымы Қазақстанда 1990-шы жылдардың аяғына таман пайда болды, негізін қалаушы Қыдыралы Тарыбаев саналады, оның бүкіл Қазақстан бойынша көптеген шәкірттері болған, «Ата жол» рухани-танымдық журналын, «Ата жолы әліппесі» кітапшаларын және басқа да баспа басылымдарын шығарған. Атажолдықтардың өздері үшін таңдап алған жаңа атауы – «Ақ ана».

Аталмыш ұйымның негізгі мақсаты адамдарды әулиеге (қасиеттілерге) айналдыру, сондай-ақ әртүрлі аурулардан емдеп жазу болып жарияланады. Бұл ретте «емделіп шығуға» қол жеткізу үшін медициналық көмекке жүгінуге тыйым салынады. Қызметінің негізгі түрлерінің бірі ата-бабалардың (әруақтардың) рухтарымен байланысқа шығу үшін Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне қасиетті жерлерге сапарлар ұйымдастыру болып табылады. Бұл ретте өздерінің жолын қуушыларға, олардың сәуегейлік және емшілік қабілетке ие екендіктеріне және адамдарға келешекті болжап бере алатындықтарына және емдей алатындықтарына сендіреді. Егер олар әруақтардың айтқандарын істемесе, онда олар бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім ұялатады.

Бұл қызмет пайда түсіретін және табыстарын фискальды тіркеуге алуға жатпайтын болды, бірақ құқық қорғау органдарының назарын

аударды. Соған байланысты, ұйымды қаржыландырудың негізгі көзі, оның жолын қуушылардың «ерікті» ақшалай қайырмалдық-тары болып табылатындығы анықталды. Қаржыландыру қағидаттары «қаржылық пирамидаларына» ұқсас, өйткені ағымның әрбір мүшесі өзінің ұйым құрылымындағы мәртебесін көтеру үшін өздеріне еретін жаңа адамдарды әкелуі қажет болды.

«Ата жолының» «емдеп шығару» әдістері халық медицинасына жатпайды. Бұл орайда «Ата жолының» қызметінде кейіннен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне ықтимал қауіп тудыратындай, ислам шеңберіндегі жаңа қозғалыс ретінде қалыптастырылатын соқыр сенімдік-жұмбақ діни ұйымның белгілері болды. Сондай-ақ адамдардың сана-сезімін алдап-арбайтын және әсер ететін тетіктердің пайдаланылатындығы (адамды оның өткенімен, оның ата-бабаларының өткенімен байланыстыруға тырысушылық, адамдардың эмоционалдық жай-күйлерін, олардың сезімдері мен күйініш-күйзелістерін пайдалану) белгілі болды.

Ұйымның жиналған жерлерінде – «Айша биби ана» аталатын ордаларда және басқаларында – «акку», «сұңқарлар» және «сарбаздар» топтарының мүшелері де қатысады. Ордаларда соқыр сенімдік-жұмбақ сипатындағы көзқарастар мен идеяларды насихаттау жүзеге асырылады. Сонымен, ұйымның құрған торы мен жасап шығарған құрылымы айқын. Әдетте, бұл ұйымның уысына түскен адам, өте үлкен психологиялық, рухани және дене күші зорлығына тап болады, ал бұл өз кезегінде аса қайғылы зардаптарға әкеліп соғады. Қазақстанда ұйымның жолына түсу салдарынан өзіне-өзі қол жұмсау немесе денсаулығына аса ауыр зардаптар тигізу фактілері болды.

«Ата жолы» қызметі салдарларының бірі Қостанай облысының 48 жасар тұрғыны Римма Байғабылованың өзі-өзі өлтіруі болды. Ұйымға барғаннан кейін оның психикасы бұзылған, ол «әлдебір дауыстарды еститін» болған, ақырында өзіне-өзі қол жұмсап өмірден озды.

Тыйым салынғанына қарамастан, бұл соқыр сенім ағымы Қазақстанның кейбір өңірлерінде

жұмысын жалғастыруда. Емшілік жасауды желеу еткен алаяқтық рухани практика жалғастырылуда және біздің елімізден тысқары жерлерде жаңа жолын қуушыларын да тауып жатыр.

Әсіресе жалған емшілер көрші Ресейде белсенді қанат жайып келеді, онда ұйым «Орда» атымен көбірек танылған. Бұл діннің жолын ұстаушылар жаңадан қосылған адептерге тазару, кез келген дерттен жазылып кету, және тіпті «әулиелер» дәрежесіне дәріптеу уәдесін береді. Жазылып кету әдістері сол бұрынғысынша: ата-бабалар рухтарына жүгіну, «қасиетті жерлерге» сапарлар, «қасиетті суды» пайдалану, қамшымен ұрып дертті қуу. Тазару рәсімі үшін талап етілетін төлемі аз ақша емес және бұдан кейін жаңадан келген ордалықтардың арқалары дұға оқыла отырып қамшымен сабалаудың астында қалады.

Бас тартқандары үшін ұйым мүшелерін туған-туысқандарының түрлі ауруларға шалдығатындықтарымен, жазатайым оқиғаларға ұшырайтындықтарымен және тіпті өліммен қорқытты. Әрине, көбісі өзі және жақындары үшін қорыққандықтан келісіп жатты. Жол бойына ешкімге ұйқы бермеді, ыждағаттылықпен дұға оқуға мәжбүрледі. «Қасиетті жерде» қайырмалдық рәсімі жасалды, міндетті түрде «садақа» - ақша» қалдырылатын.

Ресейлік сарапшылар да, қазақстандық әріптестерінен кейін, «Ордаға» қатысы барлардың көбісінің психикасының елеулі түрде бұзылғандығын, оларға дәрігер-психотерапевттердің көмегі қажеттігін растады.

2011 жылы ұйымға Башқұртстанда тыйым салынды. «Адамдардың бойына «Ордаға» жаңа мүшелер тарту, туыстық байланыстардан қол үзу, медициналық мекемелерінде емделуден бас тарту идеялары сіңірілді».

2013 жылғы ақпанда «Орда» Челябин облысының Кизиль ауданында таратылды. 2013 жылғы шілдеде осыған ұқсас тыйым салу Челябинің өзінде де күшіне енді. Алайда, ұйымның қызметін Оралдың, Поволжья мен Сібірдің басқа өңірлерінде тарата отырып, өз экспансиясын жалғастырып жатқандығы белгілі.



По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Тыңдаңыздар,
«Аллы-Аят»!

Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»



Единая Республиканская горячая линия
по вопросам религии.
Бесплатно, круглосуточно из любой точки
Казахстана (со стационарного телефона)
консультации психологов, юристов, теологов.

Горячая интернет-линия www.SafeKaznet.kz,
принимающая сообщения о противоправном
интернет-контенте.



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

STOP СЕКТА
www.stop-sekta.kz



Тыңдаңыздар,
«АЛЛЫ-АЯТ»!



**АЛЛЯ-АЯТ («АЛЛА АЯТ», «ФАРХАТ
АТАНЫҢ ТОБЫ») - ҚАУІПТІ СОҚЫР
СЕНІМДІК-ЖҰМБАҚ, ЖАТ ПИҒЫЛДЫ
ӘСІРЕ ДІНИ ІЛІМ.**

Алматы қ. мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы және Астана қ. мамандандырылған экономикалық сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы шешімдерімен Фархат Абдуллаевтың «Алля-Аят» әдісі бойынша адамдарды емдеуді насихаттау және тарату жөніндегі қызметіне тыйым салынды.

Бұл шешімдердің негіздемесі дәрігерлердің қорытындылары болды, олардың қорытындыларына сәйкес, бұл қозғалыстың қызметі «адамдардың денсаулығының әлеуметтік қорғалуына теріс әсер етеді және олардың денсаулығына зиян келтірудің шынайы қаупін туғызады, бұған заңнамамен тыйым салынған, өйткені бұл қызмет мемлекеттің қауіпсіздігін бұзуға бағытталған».

Қазақстанның құқық қорғау органдары, «АлляАятты» қаржыландырудың негізгі көздері жолын қуушылардың өздерінің міндетті ақшалай салымдары болып табылатындығын анықтады. Қаржыландыру қағидаттары «қаржылық пирамидаларына» ұқсас, өйткені ағымның әрбір мүшесі өзінің ұйым құрылымындағы мәртебесін көтеру үшін өздеріне еретін мүмкіндігінше көп жаңа адамдарды әкелуі қажет.

Бұл ілімнің негізін қалаушылар — Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шоңжа кентінің тұрғыны ұжымшар жүргізушісі Абдуллаев Фархат Мухамедович (Фархатата, ол және Фархатдада, ол және «шынайы Әке», ол және «Бар нәрсені жаратушы») және оның әйелі Нина.

Ілімнің діни құрамдасы, осыдан 55 миллион жыл бұрын Жаратушы өзінің әйелімен бірге балшықтан адамдардың ата-бабаларын соғып шығарғандығы туралы әдептердің сектасын бекіту пікірі болып табылады, сондықтан «... Оның өнебойғы тілегі, Оның қазір бізге беретін күшін емес, Оның Нина Анасымен екеуінің бізді

балшықтан соққан кезде берген күшін пайдалануымыз». Бұл пікірдің әлемдік дін ережелеріне толықтай қарама-қайшы келетіндігін атап көрсетеміз. Секта христиандықты, исламды және басқа да әлемдік діндерді қабыл алмайды.

Әсіре ілімнің негізі 1995 ж. «АлляАят» атауына ие болған сауықтыру әдісі болып табылады. Оның негізінде Фархат Абдуллаев «нұрға бөлену» нәтижесінде Күннен алды деген «өмір формуласы» жатыр, ал сонымен бірге оның «өмір формуласына» авторлық құқық туралы өтінішінде, оның мұны өзі жасағандығы мақұлданады.

Фархаттың шәкірттері, «өмір формуласын» - «адамның энергияақпараттық тазаруы» деп атайды, немесе «Жаратушы ақыл-оймен барлық бағыттарда күрес жүргізеді» деп ашығынан жазады.

«Өмір формуласын» пайдаланған кезде дәрі-дәрмектік препараттарын пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады, ал медициналық емдеудің өзін Фархаттың шәкірттері тиімді емес ретінде қабыл алмайды.

Энергияақпараттық тазарудың маңызды элементі деп мыналар да саналады: 1) Күнге үш минут бойы қарап тұру талабы; 2) энергияақпараттық тазару сеансын қабылдау (шәкірт қолдарын пациентке қояды); 3) Аяттарға қатысу (айына екі рет шәкірттердің және денсаулығын Фархататаның әдісімен қалпына келтірушілердің жиналысы өтеді); 4) Фархататаның әдісіне оқытудың сеанстарына барып тұру; 5) сананы ыза-өкпеден, ашу-ызадан, өшпенділіктен, күндеушіліктен, қызғаныштан, теріс энергиядан, масылдық бағдарламалардан тазарту (АлляАяттың бүкіл сауықтыру бағдарламасын орындау қажет).

Адамның дене тазаруы, әдептердің пікірлері бойынша, эткен-шайды, қара шайды сүтпен және тұзбен (йодталмаған тұз пайдаланылады) пайдалану арқылы жүреді. Күніне 6-8 стакан (1,5-2 литр) эткен-шай ішу қажет. Шай организмнен жойылған ауру клеткалардың улы қалдықтарын тазалап шығарады деп есептеледі.

Қазіргі уақытта Ресейде, Новосібір, Москва, Омбы сияқты қалаларында және басқаларында «АлляАят» әдісі бойынша «адамдарды сауықтыру»

жөніндегі көптеген орталықтар жұмыс істеуде. Қазақстанда соңғы уақыттарға дейін іс жүзінде облыс орталықтарының әрқайсысында Алля Аят әдісін заңсыз насихаттай және осы әдіс бойынша «емдей» отырып, Фархаттың шәкірттері әрекет етіп келді.

Бұл ретте пациентті аурудың денсаулығы нашарлаған жағдайда, пациенттің өзі кінәлі болып шығатындығы туралы ескертеді, өйткені ол «онда жинақталған теріс энергияның салдарынан Күн энергиясына төтеп беру» жағдайында емес.

«Аяттағы» мүшеліктің адамдардың психикалық денсаулығын нашарлатып қана қоймайтындығы, сондай-ақ оларға күннің көзінде ұзақ уақыт болудың үзілді-кесілді залалдылығына байланысты дене саулығын да, әсіресе онкоаурулардың, бұзатындығы анық.

«Емдеу» курсынан өте отырып, **пациенттер** күмәнді гипнозды сендіріп, иландырудан пайда болған **ауыр психоз белгілерімен психиатриялық емдеу орнына жиі түсіп жатады.**

Егер Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз бұл ұйымның, не болмаса қозғалыстың күмәнді адамдарының ықпалына түскен болсаңыздар, және Сіздерге мамандардың консультациясы қажет болатын болса, онда Сіздер жат пиғылды әсіре діни ұйымдардан психологиялық көмек көрсету орталықтарына жүгіне аласыздар. Орталықтардың мекенжайлары мен телефондарын дін істері жөніндегі басқармаларынан алуға болады, немесе **114 қауырт желісі телефонына** қоңырау шалыңыздар, Сіздерге діни салаға қатысты барлық мәселелер бойынша ақпарат беріледі, консультативтік және психологиялық көмек көрсетіледі. Сіздердің әсіре діни бірлестіктерінің жат пиғылды қызметіне байланысты проблемалық сұрақтарыңызға жауап беріледі.

Сіздер үшін заңгерлер, теологтар, дінтанушылар, психологтар жұмыс істейді. Консультация беру тәулік бойына және құпия түрде жүргізіледі. Қазақстанның кез келген нүктесінен түскен қоңыраулар стационарлы телефондардан тегін қабылданады.



По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»



Единая Республиканская горячая линия
по вопросам религии.
Бесплатно, круглосуточно из любой точки
Казахстана (со стационарного телефона)
консультации психологов, юристов, теологов.

Горячая интернет-линия www.SafeKaznet.kz,
принимающая сообщения о противоправном
интернет-контенте.



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

STOP СЕКТА
www.stop-sekta.kz



Тыңдаңыздар,
«Таблиғи жамағат»!



«Таблиғи жамағат» - жат пұғылды діни ұйым

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешімімен Қазақстанның аумағында «Таблиғи жамағат» жат пұғылды діни ұйымының қызметіне тыйым салынды.

«Таблиғи жамағат» қоғам үшін қауіп төндіреді, өйткені қоғамның діни қатыстылығы белгілері бойынша жіктелуіне, оның өкілдерінің конституциялық құқықтар мен міндеттерді елемеушілігіне ықпал жасайды.

Таблиғилардың негізгі кітабы «Фазаильамалидің» талдауы, қозғалыстың идеялық негіздеріне адептердің ерік-жігерін басу, олардың еңбек және интеллектуалдық қызметін шектеу енгізілгендігін көрсетеді. Кітапта дінге шексіз, тіпті отбасының мұқтаждықтары үшін табыс табу қамқорлығына зиянын тигізе отырып, құлшылық етуге көп көңіл бөлінеді, «Таблиғи жамағат» идеологиясына сәйкес, отбасын қамтамасыз етуге жұмсалған жұмыс уақыты, діннің мақсаттарына сәйкес келмейді.

«Таблиғи жамағат» мүшелері өз өмірлерін қозғалысқа бағындырады. Белсенділерден бір жылда қырық күнін, бір айда үш күнін, бір аптада күннің екі екінші жартысын және әр күні екі сағатын ұйым жұмысына бөлу талап етіледі. Бұл бір жылда 132 күнді құрайды, яғни өз уақытының үштен бірін деген сөз. «Таблиғи жамағат» қызметінің талдауы қозғалыстың 2012 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде жандана бастағанын және өзін жақтаушылар қатарына аға «тәлімгерлердің» тікелей қадағалауымен әрекет ететін жас адамдарды белсенді тарта бастағанын көрсетеді.

«Таблиғи жамағат» қызметінің әдіснамасы

екі түрге бөлінеді: жұмысты ашық жүргізу мүмкіндігі болған кезде, қозғалыс мүшелері көпшілікті бұқаралық миссионерлік жұмысын жүзеге асырады, ал қоғам мен мемлекет тарапынан кедергілерге тап болған кездері, олар ұйымдасқан түрде астыртын жұмысқа көшеді. Осы себептері бойынша «Таблиғи жамағат» жақтаушыларының джихаттық топтарға көшу және олардың кейіннен ұрыс қимылдарына қатысу практикасы бар. «Таблиғи жамағат» террористік және басқа да экстремистік ұйымдармен және заңсыз әскерилендірілген құралымдармен жиналып, сұрыпталып алынатын және жаңа функционерлерге тартылатын ортаны байқатады.

Қазақстанда болған барлық жылдары, «Таблиғи жамағат» қауымының ресми түрде тіркеуі болған емес, іс жүзінде қашанда заңсыз әрекет етті. Ал «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның күшіне енгенінен кейін олардың қызметі заңсыз деп есептеледі.

«Таблиғи жамағат» аударғанда «Үндеу, шақыру қауымы» - 1926 жылы Үндістанда, Делиден қашық емес жерде суфизмнің деобанүнділік деп аталатын мектебінің өкілі, Маулана Мухаммад Ильясо Кандахлауи ұйымдастырған саяси идеяларды ұстанбайтын пацифистік діни қозғалыс.

Үндеу ортасы және Жамағаттың мекендейтін жері географиялық жағынан да, сондай-ақ мәдени-этникалық жағынан да ұланғайыр. Сондай-ақ жамағаттың жолын қуушылар өзге діндегілер мен атеисттерді исламға енуді үндеуге ғана күш салып қоймайды, сонымен қатар «этникалық мұсылмандар» ортасында да оларды дінге сенімін тереңдетуге және белсенді діни практикаға үндеп жұмыс жүргізуге күш салады. Атап айтқанда, аталған ұйым Батыс Еуропа елдеріндегі мұсылман қауымдарының қайта исламдануында атқарған рөлі аз емес.

«Таблиғи жамағат» құрылымы ұяшықтарға бөлінген, әр ұяшықта (жамағатта) өзінің басшысы - әмірі бар, ол оның мүшелерінің арасында нақты функцияларын бөліп береді. «Таблиғи жамағаттың» белсенділері үнемі өздерінің әртүрлі өңірлерге сапарларын, бару-келуін, орналасуын, тамақтануын және т.б. қоса, ұйымдастыру мәселелерімен айналысады.

Жамағаттарда қатаң тәртіп және көшбасшысына қатаң бағыныштылық ұсталынады, қосарлас ұйымдастырушылықтың анық белгілері көрсетіледі. «Таблиғилардың» уағыз тыңдаулары бұған дейін тиісінше оқитудан өткен шағын топтармен жүргізіледі. Жолын қуушылар тақуалық өмір салтын ұстанады, жұмыс істемейді, ал ұйымның жас мүшелері оқуларын тастайды.

«Таблиғи жамағат» мүшелері көптеген жағдайлардың басым бөлігінде – бұлар, ислам ережелерін терең меңгермеген адамдар, және бұл ерекшелік осы ұйымға бастапқы кезден-ақ, оның пайда болған кезінен бастап тән болатын. Алайда Үндістан үшін 1920-шы жылдары қабыл болған нәрсе, заманауи Қазақстан жағдайларында тіптен де қабылданбайды, тиімсіз.





По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»



Единая Республиканская горячая линия
по вопросам религии.
Бесплатно, круглосуточно из любой точки
Казахстана (со стационарного телефона)
консультации психологов, юристов, теологов.

Горячая интернет-линия www.SafeKaznet.kz,
принимающая сообщения о противоправном
интернет-контенте.



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

STOP СЕКТА
www.stop-sekta.kz



Тыңдаңыздар,
«Хизб-ут-Тахрир аль-Ислами»



«ХИЗБ УТ-ТАХРИР АЛЬ-ИСЛАМИ» - АСА ҚАУІПТІ ДІНИ-САЯСИ ЭКСТРЕМИСТІК ҰЙЫМ

«Хизб-ут-Тахрир аль-Ислами» діни экстремистік ұйымының қызметіне Қазақстан аумағында Астана қ. сотының 2005 жылғы 28 наурыздағы шешіміне сәйкес тыйым салынған.

«Хизб-ут-Тахрир аль-Ислами» экстремистік ұйымының Қазақстандағы қызметі конституциялық құрылысты өзгертуге, егемендікті, оның аумағының қолсұғылмаушылығы мен айыруға болмаушылығын бұзуға, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін бұзуға бағытталған.

Аталған ұйымның Қазақстандағы қызметі 1998 жылы көрініс бере бастады. 2004 жылға дейін ол елдің оңтүстік өңірлерінде басым көрінді, ал 2005 жылдан бастап оның әдептері экстремистік идеяларын барлық республика бойынша насихаттай бастады.

Оның идеологиясы қазіргі мемлекеттік құрылысты бұзуға алып келеді. Оларды мүмкін болатын құрбандықтар мен қантөгістер де тоқтата алмайды. Адептердің қызметі саяси институттар мен құқық қорғау органдарын сенімсіздендіруге бағытталған. Бұл ұйымның адептері, ең кемінде, адамның мемлекет пен қоғамның өміріне қатысуына тыйым салуды, заңнама нормаларын ашықтан ашық елемеушілікті уағыздайды. Жаңадан қосылушының діни қоғамның өміріне жан-жүрегімен еніп кетуі үшін, оны барынша мүмкін боларлық материалдармен: кітаптармен, дискілермен, фильмдермен, буклеттермен немесе тағы басқаларымен жабдықтайды. Оны жиналыстарға шақырады, онда өздерінің наным-сенімдерінің әділдігін табандылықпен дәлелдейді. Жиналыстар мен кездесулер – жаңадан келгендер үшін міндетті рәсім.

Партия мүшелеріне «өздерін» және «бөтендерді» ажырата білу маңызды. Ол үшін «Хизбут-тахрирде» символ ретінде барлық мұсылмандар үшін қасиетті болып саналатын - Жалғыз Құдайға (Аллахқа) және Мұхаммед пайғамбардың бағыштау миссиясына сенім

туралы куә ретіндегі қасиетті «шахадасы» бар ақ-қара туларды пайдаланады, мұны, бұл туды Пайғамбардың өзі пайдаланды-мыс деген желеумен ақтайды. Бүгінде, «хизбуттықтардың» қызметінің арқасында «шахадуды» әлемде мұсылман еместер экстремистік символ ретінде қабылдай бастады.

«Хизб-ут-Тахрир», арабшадан сөзбе-сөз аударғанда – «Исламдық азат партиясы», 1953 жылы Шығыс Иерусалимде жергілікті шарифат апелляциялық сотының судьясы Такиуддиноман-Набхани Филасин негізін қалаған. Бүгінде «Хизбут-Тахрирдің» стратегиялық жоспарлау орталығы Лондонда. Партияның басшылық кеңселері Еуропаның кейбір елдерінде де бар. Партияның идеялары мұсылман елдерінің көпшілігінде салыстырмалы алғанда кең таралған, атап айтқанда Египте, Иранда, Иракта, Алжирде, Суданда, Йеменде, Пәкістанда және Ауғанстанда.

«Хизбут-Тахрирдің» саяси доктринасының негізін жаңадан «Халифат» Ислам мемлекетін құру туралы идея құрайды.

Партияның құрылымы орталықтандырылған. Партияны орталық басшылық бақылауда ұстайды. Ұлттық ұйымдар әдетте жергілікті ұяшықтарға бақылау жасайтын 12 адамнан тұратын топтардың басшылығында болады. Әйелдер ұяшықтары ер адамдардан бөлек болады.

Партияның практикалық қызметі мешіттерде үгіт және насихат жасаудан және дінге сенушілердің жаппай қатысатын жерлерінде көпшілікті бұқаралық уағыздар мен өзге де сөз сөйлеулерінен, тиісті әдебиет пен материалдар дайындау мен таратудан, өз қатарларына ықтимал жақтаушылар тартудан, идеологиялық және саяси күресінен көрініс береді.

«Хизб-ут-тахрирдің» әртүрлі елдердегі жұмысы бірнеше сатыда жүргізіледі. Қазақстанда осы сәтте көрсетілген партияның қызметі бірінші, дайындық – «танысу» сатысында іске асырылуда және сондықтан жасырын және елеусіз нысанда өтеді.

Діни ағым ретінде «Хизб-ут-тахрир» партиясына келесі ерекшеліктер тән:

• саяси күрес әдісі ретінде қарулы күш көрсетуден бас тарту;

• мазхабтардың – Исламдағы діни-құқықтық мектептерінің жолын қуудан бас тарту; мазхабтардың өзара тарқасатын бір мағыналы емес жағдайларға қатысты алғанда, «Хизб-ут-тахрир» өзінің негізін қалаушы – Таки-уд-дина ан-Набханидің пәтуаларына (шешімдеріне) жүгінеді;

• ақиданың (дінге сенім) кейбір ерекшеліктері – мысалы, «қабір азабы» ұғымын терістеу, сондай-ақ алдын ала анықтау (ислам діни ілімінің алты қайраткерінің бірін) мәселесі бойынша ерекше көзқарасы.

Өзінің мақсатына қол жеткізу үшін партия саясаткерлермен, ойшылдармен және қоғамның басқа да жіктерімен Хизб-ут-тахрирдің исламдық идеологиясының ақиқаттығы интерпретацияда (түсіндіру, талдау) адамзатқа айқын болуы үшін идеологиялық пікірталастарға түседі.

Тап осы «Хизб-ут-тахрирге» тән ерекшелік, оның өте-мөте діни аспектілермен байланыспаған қызметі маңызды. Партия мүшелеріне әлеуметтік қолдаудың тарамдалған желісін құру тән. Мысалы, өзара неке қию, жұмысқа орналастыруда өзара көмектесу және т.с.с.

Тиісінше, «Хизб-ут-тахрирдің» негізгі нысаналы аудиториясы халықтың өмір сүру және білім деңгейі неғұрлым төмен, жұмысқа орналасуда және әлеуметтік баспалдақпен алға жылжуда проблемаларға тап болып жүрген жіктері болып табылады. Көрсетілген әлеуметтік проблемалардың болуы, өз кезегінде, «Хизб-ут-тахрирдің» табысты қызметі үшін қолайлы органы туғызады.

«Хизб-ут-Тахрир» діни партиясының қызметіне Германияда, Канадада, Ресейде, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, сондай-ақ дәстүрлі мұсылман елдерінде: Пәкістанда, Сирияда, Йорданияда және т.б. занамалық деңгейде тыйым салынған.

Пәкістан Ислам Республикасының Улемдер, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан Мұсылмандарының Діни басқармаларының Кеңестері «Хизб-ут-тахрир» партиясын исламдық емес, ал оның ілімдерін қате деп жариялайтын пәтуа (нұсқау) қабылдады.



По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»



WWW.114.KZ

Единая Республиканская горячая линия
по вопросам религии.
Бесплатно, круглосуточно из любой точки
Казахстана (со стационарного телефона)
консультации психологов, юристов, теологов.

Горячая интернет-линия www.SafeKaznet.kz,
принимающая сообщения о противоправном
интернет-контенте.



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

STOP СЕКТА
www.stop-sekta.kz



«МҰНЫ БІЛУ МАҢЫЗДЫ!»
ЖАДНАМАСЫ



«МҰНЫ БІЛУ МАҢЫЗДЫ!» ЖАДНАМАСЫ

Жат пиғылды діни ұйымдар, бұл жеке тұлғаның сана-сезімін күйрететін, адамның құқықтары мен бостандығын бұзатын, адамға моральдық және дене зиянын келтіретін ұйымдар.

Жат пиғылды діндер мен әсіре діни ұйымдардың белгілері:

1. Дін көшбасшысының және тұтастай алғанда ұйымның дінге сенушінің жеке тұлғасымен салыстырғанда, бірінші дәрежелі айрықша мән-мағынасы.

2. Өз мүшелерінің ойлары мен мінез-құлықтарын бақылауға тырысушылық. Олардың күнделікті өмірлерін регламенттеу және түсіп жататын ақпаратты шектеу.

3. Әлемдік діндердің олардың өздерінің догмаларына «сыналастырған» қасиетті мәтіндерін нысаналы бағытталған түрде бұрмалау және әлемдік діндерді «ақиқат ілімнен» шегінгендігімен айыптау.

4. Жаңа мүшелерді белсенді және тұрақты тарту және дінге сенушілердің бойында «діни менталитетті» сңіру үшін сана-сезімді бақылау мен бағдарламалаудың арнайы техникаларын қолдану.

5. Қос ілімнің болуы: сыртқы орта және хабардарлар үшін. Көбінесе – өз қызметінің шынайы мақсаттарын және салдарларын жасыру.

6. Ұйымның ішіндегі қатаң иерархия.

7. Айналадағы адамдармен салыстырғанда өзінің мүшелерінің ерекшелілігіне, қалаулылығына қойылатын талап. Дәстүрлі діндерге және ұлттық-рухани құндылықтарға төзбеушілік немесе, ең аз дегенде өзін жоғары ұстаушылық-менсінбеушілік қарым-қатынас.

8. Хабарсыздар үшін арнайы сөздік пен сөздерді пайдалану (ерекше діни тіл).

9. Көшелердегі әңгімелесулерді, үндеу парақшаларын, БАҚ-та жабысқақ бағдарламаларын таратуды қоса алғандағы белсенді миссионерлік қызмет.

10. Мүшелерін көтеріңкі қамқорлық ортасына алу мен сыртқы және әлеуметтік түрлерін өзгерту, оларға діни аттар және рухани атақтар беру, діни киімдерді киіп жүруді және тиісті жарақтарын ұстануды талап ету.

11. Жастарды тарту үшін діни жиналыстардың заманауи әдістерін қолдану.

12. Білім беру мәселелеріне баса назар аудару, өзіндік білім беру орталықтарын құру және діни әдебиетті кітапханаларға, мәдениет және білім мекемелеріне тегін беру.

Әсіре діни жат пиғылды ұйымдарда болу салдарлары:

- ✓ Ұқсастықтың өте-мөте бұзылуы;
- ✓ Күйзелістер;
- ✓ Дербес шешімдер қабылдай білудің кері кетуі;
- ✓ Ерік-жігерді және өз өміріне деген бақылауды жоғалту;
- ✓ Зардап шегушілік есеңгіреуден кейінгі жабырқаңқылық;
- ✓ Тежеуленген психологиялық даму, балалық жағдайдағы регресс;
- ✓ Өзіл сезімі спонтандылығын жоғалуы (тікелей, емін-еркіндік);
- ✓ Елесті, байбалам мен алаңдаушылық ұстамалылығын, бағыттан адасушылық, параноидтықты қоса психологиялық жағдайының нашарлауы;
- ✓ Діннен тыс жақын достық қарым-қатынасты тудыруға қабілетсіздігі;
- ✓ Ұйқының бұзылуы, неше түрлі сұмдықтарды көру;

- ✓ Сексуалдық проблемалары;
- ✓ Өзіне-өзі қол жұмсауға тырысушылықтар және басқалары.

Әсіре діни топтары мүшелерімен кездескен кездегі өзін-өзі ұстау қағидалары:

✓ Сізге көшеде жақындап келген дін уағыздаушыларымен диалогқа кірмеңіз.

✓ Егер сізге діни бағыттағы үндеу парақшаларын, кітапшалар, журнал ұсынса, алғысыңызды айтыңыз да кішіпейілділікпен бастартыңыз.

✓ Сіз қандай да бір діни ұйымның жиналысына баруға шешім қабылдамастан бұрын, ата-аналарыңызбен, туысқандарыңызбен, тіпті болмаса жәй жақын адамдарыңызбен ақылдасыңыз.

✓ Діни бірлестіктердің жиналысына ешқашанда жалғыз бармаңыз, өзіңізбен бірге туысыңызды, досыңызды ертіп жүріңіз.

✓ Сіздерді діни іс-шараларға барған кездеріңізде бөліп тастауларына рұқсат бермеңіз, егер ұйым басшылары мұны талап етіп тұрып алса, онда жиналысты тастап кеткеніңіз дұрыс.

✓ Сену керек пе әлде жоқ па – таңдау тек қана Сіздікі. Шешім қабылдамастан бұрын бұл сізге керек пе екен, ойланыңыз? Әбден ойластырылған және дұрыс шешім сізге ішкі жан денсаулығын ғана емес, бәлкім өміріңізді де сақтап қалатыны.





По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»



Единая Республиканская горячая линия
по вопросам религии.
Бесплатно, круглосуточно из любой точки
Казахстана (со стационарного телефона)
консультации психологов, юристов, теологов.

Горячая интернет-линия www.SafeKaznet.kz,
принимающая сообщения о противоправном
интернет-контенте.



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

STOP СЕКТА
www.stop-sekta.kz



**ТӘРТІПТІҢ
СТРАТЕГИЯСЫ**



**ЕГЕР СІЗ ӨЗІҢІЗДІҢ
ТАНЫСЫҢЫЗДЫҢ ӘСІРЕ
ДІНИ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНЕ
ТАРТЫЛҒАНЫНАН
КҮДІКТЕНСЕҢІЗ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК**

**Жат пиғылды әсіре діни
ұйымдардың жолын ұстау белгілері:**

Жас адамның мінез-құлқында тез және радикалды өзгерістер болады, ол бұрынғы достарымен қарым-қатынасын үзеді. Жәй ғана тұрмыстық мәселелер бойынша күнделікті қарым-қатынас кезінде онда қалыпты кезіндегісіне сәйкес келмейтін ширығу реакциясы, тіпті агрессия пайда болады.

Жас адамды барынша ұғынып, пайымдау, қалай болғанда да, діни проблемасы тұрғысынан қаралады. Пайымдай келе ой қорытқанда дәрекілігімен және ымырасыздығымен ерекшеленеді.

Оқуға қатысты өзгерістер жүреді, көбінесе оған деген қызығушылығын жоғалту жағына қарай.

Ата-анасымен қарым-қатынасында шиеленіс туындайды, жас адам, егер олар оның діни көзқарасымен санасып, оның соңынан ермесе, олардың өзін-өздері ұстауларының әділ еместігін кіналайды. Жас адамның өмір сүру салтында және киімінің үлгісінде өзгерістер болады.

Тіпті бір белгінің болуы – психологқа жүгінуге себеп, ал бұл белгілердің бірнешеуінің болуы, жеке тұлғаға үлкен назар аударуды және кідіртпестен мамандарға жүгінуді талап етеді.

✓ Жас адамның ата-анасына жүгінген жөн, олар ұлының/қызының мінез-құлқында әдеттен тыс өзгеріс болып жатыр деп есептей ме екен, соны анықтау керек, және олар мұны қалай түсіндіреді;

✓ Жас адамның өзімен әңгімелескен жөн. Әңгімелесу барысында діни мазмұндағы мәселелер бойынша оның көзқарастарына қызығушылық білдіру керек. **ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ДА қандай да бір діни ілім туралы сыни пайымдау айтпау қажет.** Жас адам оқып жүрген әдебиетке ден қойған жөн, әсіресе бұл әдебиет діни тұрғыда болса;

✓ Егер, оның туған-туыстары әсіре діни тұрғыдағы ұйым мүшелері болып табылмаған жағдайда, оларға бұл ілім туралы барынша ақпарат алуды ұсыну керек. Бұл орайда оған қысым көрсетуден сақтандырған жөн.

Жат пиғылды әсіре діни ұйымдардан психологиялық көмек көрсету орталықтарының мамандарына жүгініңіздер, орталықтардың мекенжайлары мен телефондарын дін істері жөніндегі басқармаларынан білуге

болады, немесе **114** телефоны бойынша «**ҚАУЫРТ ЖЕЛІГЕ**» қоңырау шалыңыздар. Сіздерге діни салаға қатысты барлық мәселелер бойынша ақпарат береді, сондай-ақ консультативтік және психологиялық көмек көрсетеді. Сіздердің діни бірлестіктерінің жат пиғылды қызметіне байланысты барлық сұрақтарыңызға жауап береді.

Сіздер үшін заңгерлер, теологтар, дінтанушылар, психологтар жұмыс істейді. Консультация беру тәулік бойына және құпия түрде жүргізіледі. Қазақстанның кез келген нүктесінен түскен қоңыраулар тегін қабылданады.





По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Соттың шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған шетелдік ұйымдар тізімі

Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»




Единая Республиканская горячая линия
по вопросам религии.
Бесплатно, круглосуточно из любой точки
Казахстана (со стационарного телефона)
консультации психологов, юристов, теологов.

Горячая интернет-линия www.SafeKaznet.kz,
принимающая сообщения о противоправном
интернет-контенте.



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

 СЕКТА
www.stop-sekta.kz



Соттың шешімімен
Қазақстан Республикасының
аумағында тыйым салынған
шетелдік ұйымдар тізімі



Соттың шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған шетелдік ұйымдар тізімі

Қазіргі уақытта Қазақстанда тыйым салынған террористік құрылымдардың ұлттық тізбесіне келесі шетелдік ұйымдар енгізілген:

I. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімінің негізінде:

1. **«Әл-Каида»** содырлар тобының қызметін қаржыландыратын және бағыттап отыратын әлемнің әртүрлі елдеріне тарамдалған халықаралық террористік ұйым. Басқа атаулары: (араб.- «база», «негіз», «тұғырнама»). Негізі қаланған күні және орны: 1988 ж. Ауғанстанда.

2. **«Шығыс Түркістанның ислам қозғалысы»** халықаралық террористік ұйым. Басқа атаулары: «Шығыс Түркістанның ислам қозғалысы», «Аллах партиясы», «Шығыс Түркістан халықтарының революциялық майданы».

3. **«Өзбекстанның ислам қозғалысы»** халықаралық террористік ұйым. Басқа атаулары: «Өзбекстанды азат ету ислам қозғалысы», «Исламды қайта жаңғырту партиясы».

4. **«Курд Халықтық конгресі»** ("Конгра-Гел") 1978 жылы қарулы күрес жолымен Түркияның оңтүстік-шығысында тәуелсіз курд мемлекетін құру мақсатында құрылған.

II. Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес:

1. **"Асбат әл-Ансар"** террористік ұйым, 1985 жылы шейх Хишам Шрейдидің Палестинадағы (Сайда қ., Ливан) «Айн-әл-Хильва» лагерінде штаб-пәтерде құрылған. У.Б. Ладеннің бастамасы бойынша аталған лагерьдің аумағында кейін оларды әлемнің «шиеленісті нүктелеріне» жіберу үшін содырларды даярлау жүзеге асырылды.

2. **«Мұсылман-ағайындар»** хабар тарататын діни-саяси, террористік ұйым. 1928 жылы Египте (Исмаилия қ.) Хасан-әл-Банн негізін салған.

3. **«Талибан»** қозғалысы ультроконсервативтік ислам қозғалысы, босқын пұштүндіктерге арналған мұсылман діни училищесінің түлектерінен құралған. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі террористік ұйым деп таныған.

4. **«Боз гурд»** сол сияқты «Сұр қасқырлар» атауымен де белгілі, түріктің аса оңшыл мағынасындағы әскерилендірілген ұйымы.

5. **«Орталық Азия моджахедтерінің жамааты»** халықаралық террористік ұйым. Басқа атауы: «Исламдық джихат тобы». Негізін қалаушылар: «Әл-Каида» халықаралық террористік ұйымының жағына шыққан «Өзбекстанның ислам қозғалысының» содырлары.

6. **«Лашкар-е-Тайба»** Пәкістандағы әскерилендірілген террористік топ. Басқа атаулары: «Құдайдың әскері», «Ізгілік әскері», «Әділдіктің әскері».

7. **«Әлеуметтік реформалар қоғамы»** қайырымдылық бағдарламаларын желеу еткен үкіметтік емес қайырымдылық ұйымы мәртебесі бар террористік ұйым. Басқа атауы: «Джамият әл-Ислях әл-Иджтимаи».

III. Астана қ. 2006 жылғы 17 қарашадағы шешімі бойынша:

1. **«АУМ Синрикё»** ("АЛЕФ") – 1987 жылы жапон Сёко Асахара негізін қалаған, 1995 жылы Токио метросында террористік газ шабуылын жасап, әлемге танылған әлеуметтікке қарсы бағыттылығы ашық көрінетін қауіпті тоталитарлық экстремистік дін.

2. **«Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы»** Шығыс Түркістанда барынша үлкен қауіп тудыратын террористік ұйым. Басқа атаулары: «Шығыс Түркістанның халықтық партиясы», «ШАТ».

IV. Астана қ. сотының 2008 жылғы 5 наурыздағы шешімімен

«Түркістанның ислам партиясы» сол сияқты «Жамағат Туркестана» және «Түркістан жамағаты» атауларымен де белгілі. 2004-2005

жылдары Пәкістандағы Вазиристан провинциясындағы еркін тайпалар деп аталатын аймақта «Шығыс Түркістанның ислам қозғалысы» халықаралық террористік ұйымын қайта атау және қайта құру арқылы құрылған.

V. Астана қ. сотының 2005 жылғы 28 наурыздағы шешімімен

«Хизб-ут-Тахрир әл-ислами» діни-саяси экстремисттік ұйым. Негізі қаланған күні және орны: 1953 жыл, Иерусалим, «Ағайынды мұсылмандар» египеттік қозғалысының филиалы ретінде.

VI. Астана қ. сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешімімен

«Таблиғи Джамаат» жат пиғылды діни ұйым. 1926 жылы Үндістанда Маулана Мухаммад Ильяс ұйымдастырған діни қозғалыс.

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2012 жылғы 7 маусымдағы шешімімен **«Сенім. Білім. Өмір» ДҚБ** немесе әсіре ислам идеологиясын пайдалана отырып, адамдарды діни фанаттарға айналдыратын қуатты саяси ұйым құрған Исматулла Абдугаппардың қозғалысының қызметіне тыйым салынды.

2008 жылғы 22 желтоқсанда Алматы қ. сотының шешімімен **«Алля-Аят»** аталатын Ф.М. Абдуллаевтың (Фархат-ата) өзін-өзі сауықтыру қозғалысы Қазақстан халқының денсаулығына зиян келтіру арқылы мемлекеттің қауіпсіздігін бұзады деп танылды, және оның қызметіне республика аумағында тыйым салынды.

2009 жылғы 05 ақпанда Алматы қ. сотының шешімімен **«Ата жол»** (Ақ жол) қозғалысы да Қазақстан халқының денсаулығына зиян келтіру арқылы мемлекеттің қауіпсіздігін бұзады деп танылды, және оның қызметіне республика аумағында тыйым салынды.



По заказу:
ГУ "Отдел внутренней политики
акимата г. Аркалыка»



Тыңдаңыздар, «Такфиризм»

Центр помощи пострадавшим
от деструктивных религиозных
течений при ОО «Ассоциация
практикующих психологов РК»

Тел/факс: 8(7142) 54-09-55
E-mail: stop-sekta@mail.ru
www.stop-sekta.kz



www.e-islam.kz
Вся информация об Исламе из
достоверного источника
(Агентство по делам религий и Духовное
Управление мусульман Казахстана)

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ»

114

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»




Единая Республиканская горячая линия
по вопросам религии.
Бесплатно, круглосуточно из любой точки
Казахстана (со стационарного телефона)
консультации психологов, юристов, теологов.

Горячая интернет-линия www.SafeKaznet.kz,
принимаящая сообщения о противоправном
интернет-контенте.



Қазақстанда құқыққа қарсы интернет-контент
туралы хабарлама қабылдайтын
www.SafeKaznet.kz
қауырт интернет-желісі құрылды.

 СЕКТА
www.stop-sekta.kz



Тыңдаңыздар,
«Такфиризм»



Опасность «такфиризма»

Сегодня одной из самых опасных разновидностей религиозного экстремизма является такфиризм.

В учении практически всех последователей ваххабизма присутствуют два системообразующих, органично присущих фундаментальному исламу положения о такфире и джихаде. Паразитируя на этих общеисламских понятиях, ваххабиты искажают их суть до неузнаваемости. Так, ваххабиты произвольно расширяют круг объектов такфира, абсолютизируя такие понятия, как «неверие» - («куфр» или «безбожие») и «многобожие» - («ширк» или «язычество»). В отличие от представителей исламского правоведения (фикх), теологии (калям), философии (фальсафа), которые ставят перед собой цель максимально полного и адекватного понимания сути единобожия, как оно донесено до людей в священном Писании, ваххабиты отрицают саму возможность правового, теологического, философского понимания текстов Корана и сунны.

Такфир – это обвинение в куфре (неверии) всех тех, кто не разделяет идей последователей ваххабизма, в целом – фундаменталистов. Главным объектом такфира выступают, прежде всего, те мусульмане, которые не согласны с их трактовкой ислама. Такфириты провозглашают кафирами – неверными – всех мусульман, которые не следуют той интерпретации ислама, которая последователями ваххабизма признается единственно правильной. А в этом случае мусульмане, которые обвиняются в неверии – куфре, наделяются статусом вероотступников (по-арабски муртадд, то есть отошедшими от ислама).

Подобные вымыслы выливаются в то, что такфириты, называемые в обществе «безмазхабовцами», искажают значение четырех мазхабов в исламе. В частности, они утверждают идею о том, что «только мы следуем Корану и сунне, мазхабы недействительны, так как об этом ничего не говорится в Коране и Сунне Пророка».

В позиционном плане, казахи придерживаются суннитского вероучения - мазхаба Абу Ханифы и его вероубеждений (акыды), который без изменений передает убеждения самого Пророка Мухаммада и его сподвижников-сахабов, разъясненной имамом Матуриди ас-Самарканди. Однако «безмазхабовцы» считают имама Абу Мансура Матуриди «неверным», а его последователей – «заблудшими», не

понимающими суть и содержание своей веры, своих поступков и действий.

По мнению идеологов ваххабизма, мусульмане-вероотступники (муртадд) совершают «самомалейшее отступление» от принципа единобожия. Такими «отступлениями» у ваххабитов считаются, как правило, возвеличивание праведников, чтение коранических аятов у могил мусульман, ношение амулетов-тумаров.

С точки зрения современных приверженцев ваххабитских идей (неоваххабиты), к бидгат – («новшеству») также отнесены: «устройство праздников по случаю дня рождения, выделение особых дней в неделе, устройство разного рода религиозных праздников кроме двух праздников Ид, годовщин и юбилеев, воздвижение памятников знаменитым людям, организация траурных собраний, изобретение всяких новшеств в траурных церемониях (например, поминальные песни по умершему – жоктау), возведение строений на могилах и т.п.».

Такфириты заявляют недопустимым чтение сур из Корана на кладбище, возле могилы усопшего, за упокой души умершего – марқұм.

Так, например, они являются яркими противниками празднования Дня рождения Пророка Мухаммеда – Маулид ан-наби, несмотря на то, что с 1207 года этот праздник широко отмечается в Сирии, Алжире, Тунисе, Марокко и других мусульманских странах. Такфириты считают Маулид запретным нововведением в религию. Презируя и отторгая религиозный праздник Маулид ан-наби, такфириты также не отмечают свои дни рождения и запрещают в своих кругах отмечать дни рождения родителей и близких родственников.

Сегодня ваххабиты объявляют такфир также на представителей власти в исламских государствах, на правоохранные органы и силовые структуры, которые эти государства защищают и поддерживают, на тех мусульман, которые самим фактом отказа ваххабитам в поддержке ставят себя в один ряд с правителями – «вероотступниками» по их мнению.

Сущность такфиризма – это подрыв государственного строя, его политической системы, захват власти и т.д. Конечная цель такфиритов – это изменение существующего государственного строя, создание исламского государства на основе шариата.

В современную эпоху такфиризм возник как практика ультрарадикального ответвления от египетской

партии «Братья мусульмане» («Ихвануль-муслимун»), которое называлось «ат-Такфиру аль-хиджра» («Обвинение в неверии и отъезд для спасения своей веры»), основателем которого выступил египетский теолог Мустафа Шукри, впитавший в себя идеи насильственного захвата власти радикального идеолога Саида Кутба.

Данная идеология как начальная стадия экстремистской обработки была воспринята в последующем всеми известными террористическими организациями, начиная с группировки Абдассалама Фараджа «аль-Джихад», осуществившей убийство президента Египта Анвара Садата.

Идеолог Абдассалам аль-Фарадж развил теорию такфира, совместив ее с салафитской акидой. В частности, такфириты первостепенное значение придают практике джихада, разработанной по афганской модели, в рамках которой для объявления джихада первоначально выносятся «такфир» (обвинение в неверии) правителю и государственным служащим, включая армию и правоохранные органы. Все служащие перечисленных структур объявляются «неверующими», и на этой основе их правление признается нелегитимным с точки зрения такфиритского понимания мусульманского права.

Более того, светское государство и правитель объявляются «тагутами» – идолами, т.е. объектами не административного подчинения, а якобы религиозного поклонения. Именно этот тезис занимает ключевое место в идеологическом наборе такфиритов, и представляет собой основу психологической манипуляции над религиозным сознанием некоторых мусульман.

Такфиризм характеризуется как откровенно агрессивное псевдоисламское направление, которое, требуя от простых верующих фанатично строгой организации повседневной жизни, подчиненной законам ваххабитского шариата, по сути, ввергает его последователей в бессмысленный отход в прошлое. В то время как, истинный Ислам, имеющий 1500 летнюю историю и представленный традиционными школами-мазхабами призывает верующих жить в ногу со временем, неукоснительно соблюдая принципы Исламского вероучения, показывая пример мирного и толерантного сосуществования со всеми мировыми конфессиями.